## Жүсіпбек Елебековтің туғанына 100 жыл толуы мерейтойын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 сәуірдегі N 453 қаулысы

Қазақ КСР-нің халық әртісі, аса көрнекті әнші Жүсіпбек Елебековтің есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Жүсіпбек Елебековтің туғанына 100 жыл толуы мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі республикалық комиссия құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Жүсіпбек Елебековтің туғанына 100 жыл толуы мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 сәуірдегі N 453 қаулысына қосымша

## Жүсіпбек Елебековтің туғанына 100 жыл толуы мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі республикалық комиссияның құрамы

Қасейінов Дүйсен Қорабайұлы - Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі, төраға

Тілеухан Бекболат Қанайұлы - Қазақстан Республикасының Мәдениет вице-министрі, төрағаның орынбасары

Абдрахманов Сауытбек - Қазақстан Республикасының Ақпарат министрі

Құлекеев Жақсыбек Әбдірахметұлы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі

Мұхамеджанов Камалтин Ескендірұлы - Қарағанды облысының әкімі

Храпунов Виктор Вячеславович - Алматы қаласының әкімі

Шөкеев Өмірзақ Естайұлы - Астана қаласының әкімі

Шәуеев Азат Сәдметұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің бас сарапшысы

Әлпиев Төлеубек Нығметұлы - Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі "Күләш Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры және көркемдік жетекшісі

Әубәкірова Жәния Яхияқызы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі "Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы" мемлекеттік мекемесінің ректоры

Ибрагимов Ұлықбек Шарақынұлы - Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі "Қазақстан Республикасының Президенттік мәдениет орталығы" мемлекеттік мекемесінің директоры

Қосбармақов Ержан Әбуталиұлы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі "Жүсіпбек Елебеков атындағы Республикалық эстрада-цирк колледжі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры

Оразғалиев Қуаныш Ғабидоллаұлы - Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі "Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 сәуірдегі N 453 қаулысымен бекітілген

**Жүсіпбек Елебековтің туғанына**
**100 жыл толуы мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі**
**іс-шаралар жоспары**

| Р/с N | Іс-шаралар атауы | Орындалу мерзімі | Орындалуына жауаптылар | Қаржыландыру көзі | Болжалды шығыстар (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Жүсіпбек Елебековтің орындауындағы әндердің компакт-дискісін шығару | 2004 жылғы 2-тоқсан | Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі | демеушілік қаражат | 2175,0 |
| 2. | Жүсіпбек Елебековтің өмірі мен қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау | 2004 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі | республикалық бюджет - 003 "Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу" бағдарламасы | 167,0 |
| 3. | Алматы, Астана, Қарағанды қалаларында Жүсіпбек Елебековтің туғанына 100 жыл толуына арналған мерейтой салтанаттарын өткізу | 2004 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі, Алматы қаласының, Астана қаласының, Қарағанды облысының | республикалық бюджет - 007 "Әлеуметтік маңызды және мәдени іс-шараларды өткізу" бағдарламасы, | 920,0 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | әкімдері | Алматы қаласының, Қарағанды облысының жергілікті бюджеттері | 800,0<br>700,0 |
| 4. | Алматы қаласында Жүсіпбек Елебековтің ескерткіш бюстін орнату және салтанатты ашу | 2004-2005 жылдар | Алматы қаласының әкімі | Алматы қаласының жергілікті бюджеті | 10000,0 |
| 5. | Жүсіпбек Елебеков атындағы дәстүрлі әндер орындаушыларының 2-ші Республикалық конкурсын өткізу | 2004 жылғы мамыр | Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі, Қарағанды облысының әкімі | республикалық бюджет - 007 бағдарлама, Қарағанды облысының жергілікті бюджеті | 3308,0<br>1000,0 |
| 6. | Заңнамада белгіленген тәртіппен Қарағанды облысының Қарқаралы ауданы мектептерінің біріне Жүсіпбек Елебековтың есімін беру | 2004 жыл | Қарағанды облысының әкімі, Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі | демеушілік қаражат | 10,0 |
| 7. | Жүсіпбек Елебеков атындағы Республикалық эстрада-цирк колледжінің 2 оқушысына | 2004 жыл | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі | республикалық бюджет - 013 "Орта кәсіптік білімді мамандар | 76,8 |

| | |
|---|---|
| және Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2 студентіне Жүсіпбек Елебеков атындағы стипендияны тағайындау туралы қаулының жобасын әзірлеу лары | даярлау" және 020 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді мамандар даярлау" бағдарламалары 95,9 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК